

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 16 ақпандағы № ДС-63

Құрметті депутаттар!

Сіздердің халық саны 10 мың адамға жетпейтін «кент», «қала» мәртебесі бар елді мекендердегі мектеп мұғалімдеріне ауылдық коэффициент енгізуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Қазіргі кезде педагог мамандығының беделі артып, еңбек жағдайлары жақсартылып, педагогтердің құқықтары мен мүмкіндіктері кеңейтілді. Атап айтқанда, педагогтердің жүктемесін азайту бойынша шаралар қабылданды, мұғалімдердің еңбегін, сондай-ақ демалыс уақытын нормалау жүйесі әзірленді. Тәлімгерлік, магистр дәрежесі үшін, сондай-ақ спорт секцияларын жүргізгені үшін қосымша ақылар енгізілді, орта білім беру ұйымдарында сыныптық басшылық пен дәптерлерді тексергені үшін қосымша ақылар едәуір ұлғайтылды.

Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдар педагогтерге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің кемінде 300 еселенген мөлшерінде сыйақы түрінде қосымша ынталандыру төлемдерін белгілеуге құқылы.

Оған қоса, барлық педагогтерге заңнамаға сәйкес тұрғынжайға, оның ішінде қызметтік тұрғынжайға және (немесе) жатақханаға, жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне кепілдік беру қарастырылған.

ҚР әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 3 бабында аудандық маңызы бар қалаларға, оларға аумағында өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының, мәдени-ағарту және сауда объектілерінің дамыған желісі бар, халқының саны кемінде 10 мың адам және кенттерге халқының саны кемінде 3 мың адам болатын елді мекендер жатады деп көрсетілген.

Бүгінгі таңда ел аумағында 48 аудандық маңызы бар қала мен 29 кент бар. Аудандық маңызы бар қалалардың 12-де халық саны 10 мыңнан кем.

Заңның 14-2 бабының 1-тармағына сәйкес қала мәртебесін өзгерту бес жыл ішінде осы Заңның 3-бабының 1), 2) және 3) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда жүзеге асырылады.

Сонымен қатар елді мекендерді дамыту тұтастай барлық салаларды дамытуға бағытталған бағдарламалық құжаттар шеңберінде жүзеге асырылады.

ҚР ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілген (*ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №270 қаулысы*). Ауылдық жерлерде инфрақұрылымдық мәселелерді шешу жөніндегі тұжырымдама шеңберінде даму әлеуеті жоғары 3,5 мың ауылда «Ауыл – ел бесігі» жобасы іске асырылуда.

Сондай-ақ 2023 жылы моно және шағын қалаларда инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамытуына бағытталған 80 жобаны (*50-ИКИ 22 млрд теңге, 30-жол 12,4 млрд теңге*) жүзеге асыруға РБ нақтылауын ескере отырып 34,4 млрд тенге қаржы бөлінді. Жыл қорытындысымен 270 км автомобиль жолымен инженерлік желілер жаңғыртудан өтті.

2024 жылға 29 жобаны жүзеге асыруға 21,2 млрд тенге қаржы бөлініп, 48 км автомобиль жолдары мен 32 км инженерлік желілерді жаңғырту жоспарлануда.

Азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесіне¹ сәйкес ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға, жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша 25%-дан кем емес арттырылған айлықақылар (*тарифтік мәлишерлемелер*) белгіленген болатын.

Бұл ретте, кенттер мен халық саны 10 мың адамнан кем елді мекендерге ауылдық коэффициенті енгізу үшін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарды толық қамту қажеттілігін ескере келе, аталған шараларды енгізу бюджетке едәуір жүктеме түсіретіндігін атап өткен жөн.

Осыған орай, аталған мәселе құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп пысықталатын болады.

Р. Скляр

*Орынд.: Н.Е.Абдрахимов
Тел.: 74-54-10*

¹ «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы №1193 қаулысы.